МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Нұсқау: *Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Төрт мысық пен үш марғаудың салмағы 15 кг, ал үш мысық пен төрт марғаудың салмағы 13 кг. Бір мысық салмағын табыңыз
   A) 2 кг
   B) 4 кг
   C) 3 кг
   D) 1 кг
2. 10 %-тік 20 литр сірке суы ерітіндісіне 80 л таза су құйылса, қоспадағы сірке суының проценттік мөлшері
   A) 2 %
   B) 7 %
   C) 3 %
   D) 4 %
3. Мектеп ұйымдастырған «Шебер Шахматшы» сайысына 25 ойыншы қатысты және әрбір шахматшы өзгелермен бір-бір ойыннан ойнайды, барлығы неше ойын болғанын анықтаңыз
   A) 300
   B) 600
   C) 250
   D) 350
4. Графикті пайдаланып дененің АВ бөлікке сәйкес қозғалыс жылдамдығын анықтаңыз



   A) 60 км/сағ
   B) 40 км/сағ
   C) 30 км/сағ
   D) 45 км/сағ

5. Меншікті жылдамдығы 20 км/сағ катер, ағыс жылдамдығы 2,4 км/сағ өзенде ағыспен 2 сағат жүзді. Катердің жүзген жолы

A) 46,2 км
B) 48,2 км
C) 43,2 км
D) 44,8 км

6. Суреттегі фигура үш шаршыдан құралған. Ең кіші шаршының қабырғасы 8 см. Ең үлкен шаршының қабырғасын анықтаңыз



A) 20 см
B) 18 см
C) 15 см
D) 19 см

7. Сызбадағы барлық үшбұрыштардың санын анықтаңыз



A) 12
B) 13
C) 14
D) 10

8. Заңдылықты анықтап, тізбектің келесі мүшесін табыңыз:
15, 29, 56, 109, 214,...
A) 220
B) 418
C) 423
D) 424

9. Диаграммада адамның тұтынатын тағам құнарлылығының тәуліктік мөлшері процентпен көрсетілген. Адам бір тәулікте тұтынатын тағам құнарлылығы орта есеппен 1500 ккал болса, оның қаншасын түскі аста тұтынады



A) 675 ккал
B) 150 ккал
C) 538 ккал
D) 600 ккал

10. Кестеде балабақшаның кіші топ балаларының бойлары (см-мен) өлшегенде алынған мәлімет келтірілген.

Бойы	91	94	95	96	97	98
Бала саны	1	2	2	3	3	4

Балалардың орташа бойын табыңыз
A) 87 см
B) 96 см
C) 80 см
D) 76 см

11. Кестеде сурет көрмесіне кіретін билеттер құны мен жеңілдіктер көрсетілген. Кестені пайдаланып көрмеге келген 4 үлкен адамнан және 12 мектеп жасындағы баладан тұратын топ қанша ақша төлейтінін табыңыз

Адамдар	Бір билет құны	Топқа арналған жеңілдіктер	
		5-10 адам	10 адамнан артық
Үлкендерге (18 жастан жоғары)	1000 тг	5%	10%
Балаларға (5 жастан жоғары)	500 тг		

A) 9500 тг
B) 9400 тг
C) 9000 тг
D) 10000 тг

12. Ағаштан жасалған дұрыс үшбұрышты призманың барлық төбелерін кесіп тастағанда пайда болған көпжақтың неше төбесі болатынын анықтаңыз



A) 16
B) 9
C) 12
D) 18

13. Қабырғасы a см квадрат пішінді қалың қағаздың бұрыштарынан қабырғасы b-ға тең квадраттар қиылып алынып, одан қорапша жасалған. Қорапшаның көлемін анықтайтын өрнекті көрсетіңіз
A) $(a-2b)^3$
B) $b(a-2b)^2$
C) $a(a-2b)^2$
D) $(a-b)^3$

14. Серік досына әзілдеп кездесу уақытын 15,11(6) периодты бөлшек түрінде айтты. Осы периодты бөлшекті жай бөлшекке айналдырып, шамамен кездесу уақытын табыңыз
A) 15:12
B) 15:10
C) 15:16
D) 15:07

15. Суретте ағаштың биіктігін анықтау үшін айнаны пайдалануға болады. FD сәулесі D нүктесінде айнадан шағылып, адамның көзіне (B нүктесіне) түседі. Егер $AC = 170$ см, $BC = 10$ см, $AD = 150$ см, $DE = 6$ м, $\angle 1 = \angle 2$, болса онда ағаштың биіктігін табыңыз



A) 6 м
B) 6,4 м
C) 8 м
D) 6,8 м